



EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

Еуразиялық технологиялық университеті
Ғылыми кеңес отырысы
№ 11 хаттама

Алматы қ.

27 маусым 2025 ж.

Ғылыми кеңестің төрағасы
Ғалым хатшы

Темербаева А.М.
Жүнісқалиев Т.Т.

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Көктемгі емтихан сессиясының қорытындылары.
2. Академиялық мектептердің оқу жылы бойынша қызмет нәтижелері туралы есептерін және келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту.
3. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Тіркеу офисі көктемгі емтихан сессиясының қорытындылары туралы есеп ұсынды. Баяндамада білім алушылардың академиялық үлгерімі, GPA көрсеткіштері, академиялық қарыздардың саны, қорытынды бақылау нәтижелері және академиялық адалдық қағидаларының сақталуы туралы мәліметтер қарастырылды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары бөлінісінде үлгерім көрсеткіштеріне талдау жүргізіліп, оқу сапасын арттыру бойынша ұсыныстар айтылды.

2-сұрақ бойынша

Академиялық мектептердің декандары мектептердің 2025–2026 оқу жылындағы қызмет нәтижелері туралы есептерін және 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын таныстырды. Есептерде білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық қызмет, тәрбие жұмысы және кадрлық әлеуетті дамыту бағыттарында қол жеткізілген нәтижелер баяндалды.

Сонымен қатар, келесі оқу жылына арналған негізгі міндеттер, жоспарланған іс-шаралар және стратегиялық көрсеткіштерді орындау бағытындағы жұмыстар ұсынылды.

5-сұрақ бойынша

Әртүрлі мәселелер аясында оқу үдерісін ұйымдастыру, академиялық адалдықты сақтау және алдағы іс-шараларды өткізу мәселелері қаралды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

1. Көктемгі емтихан сессиясының қорытындылары туралы есепті назарға алу, академиялық үлгерімді арттыру, білім сапасын жақсарту және академиялық қарыздардың алдын алу бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылды. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары бөлінісінде үлгерім көрсеткіштеріне тұрақты талдау жүргізу, академиялық тәуекел топтарымен жұмыс жүргізу және білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған қосымша шараларды іске асыру ұсынылды.

2. Академиялық мектептердің оқу жылы бойынша қызмет нәтижелері туралы есептерін бекіту және келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын мақұлдау ұсынылды. Сонымен қатар, білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық қызмет және тәрбие жұмысы бағыттары бойынша жоспарланған көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу және олардың орындалу барысына тұрақты мониторинг ұйымдастыру ұсынылды.

3. Қаралған мәселелер бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге нақты

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Көктемгі емтихан сессиясының қорытындылары назарға алынсын. Академиялық мәселелер департаментіне және Тіркеу офисіне білім алушылардың академиялық көрсеткіштерін жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыру тапсырылсын.

2. Академиялық мектептердің 2025–2026 оқу жылындағы қызмет нәтижелері туралы есептері бекітілсін. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары мақұлданын және олардың орындалуын қамтамасыз ету мектеп декандарына жүктелсін.

3. Әртүрлі мәселелер бойынша қабылданған шешімдер тиісті құрылымдық бөлімшелерге орындауға жіберілсін.

Ғылыми кеңестің төрағасы

Ғалым хатшы



Генербаева А.М.

Жүнісқалиев Т.Т.